

03.02.2018 ж.

Астана қаласының 20 жылдық мерейтойына орай, Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы 2018 жылдың 3 ақпанында, Арқалық қаласының жасөспірімдер театрында өткен «Асқақ әнім - Астана» атты көркем өнерпаздар байқауында «Киелімсің, ардақтымсың, Астана!» атты арнайы дайындаған кітап көрмесін оқырмандарға ұсынды.

Мақсаты: оқырмандарды Астана қаласының тарихымен таныстыру, отансүйгіштікке, Отанын қадірлеуге, ұлттық патриотизм рухында тәрбиелеу. Көрмеге кітапхана қорынан 60-қа жуық әдебиеттер, Астана туралы фото альбомдар, мерзімді басылымдар қойылды. Оқырмандарды Астананың тарихы, әкімшілік пен мәдени орталықтар, «Астана ЭКСПО-2017» туралы мәліметтермен таныстырды. Іс-шара соңында оқырмандарға бұл көрме кітапханамыздың жыл бойғы тұрақты көрме болатынын айтты. Шараға 80 оқырман көрмені тамашалады.



